

## Новоберезовка ауылдық округі елді мекендерінің көше атауларын өзгерту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Новоберезовка ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы N 01 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Катонқарағай аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 31 қаңтарда N 5-13-108 тіркелді

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабының 2-тармағына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Новоберезовка ауылдық округі тұрғындарының пікірін ескере келе **ШЕШЕМІН:**

1. Новоберезовка ауылындағы көшелердің атаулары төмендегідей өзгертілсін:  
Ленин көшесі - «Тәуелсіздік» көшесіне;  
Киров көшесі - «Сакен Сейфулин атындағы» көшеге.
2. Үштөбе ауылындағы Заречная көшесі - «Кәсен Байкенұлы атындағы» көшеге өзгертілсін.
3. Майемер ауылындағы Ленин көшесі – «Тайбұға» көшесіне өзгертілсін.
4. Осы шешімнің орындалуын бақылау бас маман Г. Нурсалхановаға жүктелсін.
5. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округ әкімі*

*К. Жексембаев*